



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Талап



Отандық өндірісті қолдау жалғасады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауында өнеркәсіптік әлеуетті толық ашу шараларын, отандық тауар өндірушілерді қолдау жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Осы мақсатта Үкімет отандық өндіріс тауарларын тұтынуды ынталандыруға бағытталған экономикалық патриотизм қағидатын енгізді.

Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Мәжілісте облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес отандық өндірісті дамыту мен қолдауға бағытталған нақты шаралар қаралды. Аудан әкімі отандық өнім өндіруші кәсіпкерлерді қолдау және олардың өнімдерін кеңінен насихаттау бағытындағы жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

— Біздің басты мақсатымыз — отандық өндірісті дамыту арқылы аудан экономикасын нығайту. Жергілікті кәсіпкерлерге нақты қолдау көрсетіп, олардың өнімдерін тұтынушыға жеткізуге жағдай жасауымыз керек, — деді аудан әкімі.

Айта кетейік, 2025 жылға арналған ауданның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бекітілді. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімі 38 млрд, өңдеу өнеркәсібі 12,5 млрд, негізгі капиталға салынған инвестиция 24,4 млрд, бөлшек сауда көлемі 4,5 млрд теңге болып межеленді. Бұл көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасып, жоспар толық орындалуда.

Сонымен қатар аудан әкімі кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру жұмыстарын үйлестіруді, өнім өндірушілердің тізімін жасап, оларды насихаттауды, сауда орындарымен байланысты күшейтіп, өнім өткізу мүмкіндіктерін қарастыруды, түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді жауапты сала басшыларына жүктеді.

«ЖЖ» ақпарат

Мерей

Кубок кімге бұйырды?

Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде аудан әкімінің кубогы үшін ұйымдастырылған әуесқой футбол мен волейбол лигасының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты шарада аудан әкімі Ардақ Ибраимов жеңімпаз спортшыларды құттықтап, жеңіске жеткен командалар мен үздік ойыншыларды марапаттады. Сондай-ақ ол дені сау ұрпақ қалыптастыруда, жалпы салауатты өмір салтының ерекше маңызына ие екенін тілге тиек етті.

— Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын. Осы бағытта Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауымен, облыс әкімінің бастамасымен спорт саласында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Жаңа спорттық нысандар пайдалануға беріліп, халық игілігіне ұсынылуда. Өткен жылы Қызылорда қаласында Үстел теннисі орталығы пайдалануға берілді. Сондай-ақ облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес 11 мың орындық Орталық стадион салынууда. Нысан жақын күндері ел игілігіне табысталады. Жыл басында аудан орталығында дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталса, таяуда Аққыр ауылдық округіндегі спорт кешені пайдалануға берілді. Сонымен қатар кенттегі орталық стадион қайта жаңғыртудан өткізіледі. Бүгін міне, 5 айға жалғасқан аудан әкімінің кубогына арналған футбол мен волейболдан өткен турнир өз мәресіне жетті. Ауданда әуесқойлар футбол лигасы (LLF) аясында тұңғыш рет өткізілген сайысқа 10 команда, 200-ге жуық спортшы қатысса, волейболға 10 команда, 200-ден аса спортшы қатысып, бақ сынады. Бағы мен бабы қатар шапқан турнир жеңімпаздарын шын жүректен құттықтаймын. Алдағы уақытта да байрақты бәсекелерде, дүбірлі додаларда еліміз-



дің, аймағымыздың атын асқақтатуға тілектеспін, — деді аудан әкімі.

Иә, 5 ай бойы спорттың екі түрінен жүлделі орындарды сарапқа салған командалар аянып қалмады. Турнирлік кестеде көш бастаған кейбірі шешуші сәтте сүрініп жатты. Ал ең аз ұпаймен финалдық ойындарға жолдама алғандардың арасында бабы мен бағы қатар шапқандар да кездесті.

Волейбол қорытындысы бойынша «№123 мектеп-лицей» командасы көш бастады. Мұнан кейінгі орынға «Достар» командасы лайық деп танылды. Ауылдық елді мекендерден келген «Еңбек» және «Бұқарбай батыр» командалары үшінші орынды өзара бөлісті.

Аудан әкімінің кубогына арналған дүбірлі додада өзінің керемет ойынымен дараланған спортшылар да кездесті. Кешегі салтанатты шарада үздік деп танылған спортшылар да марапат төрінен көріңді. Атап айтқанда, Гүлстан Керімқұл мен Нұркен Балхан «Үздік ойыншы» атанса, Инабат Қаршыбек пен Ерболат Уржанов «Үздік қорғаушы» номинациясын иеленді.

Сонымен қатар Қанат Ермак «Үздік жеңімпаздарын шын жүректен құттықтаймын. Алдағы уақытта да байрақты бәсекелерде, дүбірлі додаларда еліміз-

«Үздік жетекші» номинациясы берілді.

— Жарыс тартысты өтті, барлық команданың тыңғылықты дайындықпен келгені көрініп тұр. Біз де қарап қалмадық. Жеңімпаз барлық команданы құттықтаймын. Алда әлі талай дода күтіп тұр, енді соларға дайындықты бастауымыз керек. Кеше аудан әкімінің қолынан арнайы номинация алдым. Әсіресе алдағы уақытта аудан спортына елі де қолдау болатынын естіп қуандым. Қолдау қарқыны бәсеңдемесе, нәтиже де болады. Әркім өз саласын алға сүйреуді мақсат етсе, біз сонда ғана алға қойған межемізге жетеміз. Міне, сондықтан спорт саласында жүрген баршамыздың ойымыз, түпкі мақсатымыз бір болуы тиіс. Яғни бәріміздің көздегеніміз аудан спортында серпін қалыптастыру болуы керек. Сонда ғана өзіміздің де, туған жердің де мерейі үстем болады, — дейді үздік ойыншы Балхан Нұркен.

Аудан әкімінің кубогына арналған сайыстың бірі — футбол. Спорттың бұл түрі жанкүйерлерге керемет көңіл-күй сыйлады. Олай болатындай жөні бар, өйткені жалағаштық аяқдоп шеберлері бұған дейін тайай дүбірлі долада өздерінің шеберлігімен дараланған болатын. Аудан әкімінің кубогына ар-

налған тартысты бәсекеде де жергілікті спортшылар аянып қалмады.

Футболдан «Иса Ата» командасы көш бастап, аудан әкімінің кубогына ие болды. Ал II орынға «Наркескен» командасы жайғасты. Сондай-ақ «Ақсу» және «Адия» командалары үшінші орынды өзара бөлісті.

Турнирде ерекше ойын өрнегімен көзге түскен футболшылар да арнайы номинацияларға ие боды. Атап айтқанда, Нұрдаулет Бөрібайұлы «Үздік қақпашы» атанса, Зейіпхан Бақытжанұлы «Үздік шабуылшы» номинациясына лайық деп танылды. Ал Асқар Ерғешов «Үздік ойыншы», Ақмәйір Ашухан «Үздік сұрмерген», Дініслам Асылбекұлы «Үздік қорғаушы», Айдос Ахметов «Үздік жетекші» атағына ие болды.

Жеңімпаз командалар мен үздік ойыншылар аудан әкімінің алғыс хатымен, медальдармен және аудан әкімінің кубогымен марапатталды. Салтанатты шара соңы жергілікті өнерпаздар мен спортшылардың концерттік бағдарламасымен жалғасып, көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



Мерзімді басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр. Ең жаңалығын біліңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейіз.



СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

Егінжай – 2025

790 млн текше метр су егістікке берілген



Соңғы жылдары Сыр өңірінде су тапшылығы күрделене түсті. Бұл диқандар үшін үлкен қауіп екені жасырын емес. Өйткені жылдан-жылға Сырдария суы сарқылып барады. Алайда жергілікті диқандардың атақесібіне айналған күріш дақылынан бас тарту ойында жоқ. Себебі сонау Кеңес одағының алғашқы жылдарынан бастап бүгінге дейін еліміздегі бірден-бір күріш егетін аймақ — Сыр өңірі. Сондықтан шаруалар қол құсырып отырмай, мәселенің оң шешімін табуға кіріскен. Иә, аймақтың табиғи климаттық жағдайы күріш егуге қолайлы, ұзақ ыстық температуралық режим, топырақтың құрамы және облыстың үстімен өтіп жатқан Сырдария су бассейні бар. Аудан еңбеккерлері бүгінде қауырт жұмысқа кірісіп, Сыр салысын баптауда. Еске салсақ, былтыр жалағаштық шаруалар күріштен тау тұрғызып, рекордтық өніммен аймақта «Үздік аудан» атанды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев егіс алқаптарын суармалы сумен қамтамасыз ету мәселесін бақылауға алған. Аймақ басшысы «Егіс алқаптарын суармалы сумен қамтуды күнделікті бақылауда ұстау керек. Су ресурстарын ұтымды және үнемді пайдалануға бағытталған шараларды күшейтіңіздер. Бұл ретте су үнемдеу технологияларын қолдану, егін алқаптарын кезектестіріп суару, лазерлік тігестеу әдістерін кеңінен енгізу секілді тиімді тәсілдерге басымдық берілуі тиіс» деді.

Айта кетейік, су қоймаларына жиналған, жоғарыдан келетін су көлемінің болжамына сәйкес, Биыл 3,9 млрд текше метр су лимиті белгіленген. Оған сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы көлемі 193,7 мың гектар, оның ішінде күріш көлемі 80,9 мың гектарды құрайды. Бесінші маусымдағы жағдай бойынша Сырдария өзенінен 955 млн текше метр су алынған, соның 790 млн текше метрі егістікке берілген.

Жоғарыда айтқандай, Сырдария өзенінің суын тиімді пайдалану үшін бірқатар маңызды шара жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 357 насос қондырғысы дайындалып, бүгінде оның 162-сі қосылған. Су үнемдеу мақсатында магистральді және шаруашылық каналдарымен су кезектестіріліп беріледі. Күріш егістігін лазерлік тігестеу жұмыстары да жүргізілуде, бүгінде оның көлемі 60 мың гектарға жеткен. Су үнемдеу технологиялары бойынша жұмыстар 9,2 мың гектар аумақта жүзеге асырылуда.

Биыл аудан бойынша 209 шаруашылық 37 185 гектарға егін егуді жоспарлаған. Оның ішінде 162 шаруашылық күріш егумен айналысады. Негізгі дақыл күріш көлемі 19800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 800 гектар жаздық бидай, 50 гектар арпа, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлы бар. Биыл 4850 гектар жаңа жоңышқа егілсе, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған.

Жалағашы 2-бетте

Сессия

Атқарылған жұмыстар сараланды

Жалағаш ауданының автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 234,6 шақырымды құрайды. Оның 50 шақырымы республикалық, 60,6 шақырымы облыстық және 124 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 92 пайызы жақсы және қанағаттанарлық, 8 пайызы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Аудан бойынша 242 шақырымды құрайтын 223 көше бар. Оның 83 пайызы қанағаттанарлық, 17 пайызы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Аудандық мәслихаттың сессиясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ерболұлы осылай деді.

Жол құрылысы қарқын алған

Күн тәртібіндегі 6 мәселе қаралған сессия отырысында алдымен аудандағы жол сапасын жақсартуға негізделген жобалардың жүзеге асырылу барысы сөйсетілді. Бөлім басшысының сөзіне сүйенсек, былтыр жол құрылысы бойынша 1 млрд 293,4 млн теңгеге 16 шақырым құрайтын 5 жоба жүзеге асқан. Тиісті қаражаттың 305,1 млн теңгесіне 1,3 шақырымды құрайтын М.Шәменов ауылына кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ал 988,3млн теңгеге 4 елді мекеннің 15,3 шақырымды құрайтын 16 ішкі көшесі жөндеуден өтті. Олардың қатарында Аққұм ауылынан 8, Есет батырдан 5, Бұқарбай батырдан 2, Таң ауылынан 1 көше бар.

Иә, былтыр ауылдық елді мекендерде жол құрылысы қарқын алды. Мұның бәрі елдің талап-тілегіне арқау болған мәселелер еді. Бір ғана Аққұм ауылында 457,1 млн теңгеге 10 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүрді. Оған 2023 жылы облыстық бюджеттен 147 млн, былтыр жобаны толық аяқтауға 286,8 млн теңге қаралды. Жол сапасының төмендігі жергілікті жұрттың басты мәселесіне айналған ауылдардың бірі Есет батыр еді. Былтыр елді мекенде 545,7 млн теңгеге 5 көше күрделі жөндеуден өтті.

38 көше жөндеуден өтеді

Ғабит Ерболұлы биыл да Жалағашта жол сапасына мән берілетінін айтады. Бұл мақсатқа республикалық және облыстық бюджеттен 1 млрд 731,3 млн теңге қаралған. Оған 2,3 шақырымды құрайтын аудандық ма-

ңызы бар «Ақсу-Беркімбай көлпе» автомобиль жолы, Жалағаш кенті мен 6 елді мекенде 21 шақырымды құрайтын 38 көше жөндеуден өтеді. «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай көлпе» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстары сәуір айында басталған. Оған облыс қазынасынан 168,2 млн теңге қаралған. Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысына былтыр республикалық бюджеттен 50 млн теңге қаралып, 2 көшеге асфальт төселген. Биыл жобаны аяқтауға республикалық бюджеттен 294,3 млн теңге қаралды. Ауылдағы жол құрылысы сәуір айында басталды.

Кент тұрғындары үшін жағымды жаңалық бар. Биыл Жалағаш кентінде жалпы құны 715,2 млн теңгеге 11 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүреді. Қазірдің өзінде жол құрылысы қарқын алған. Мұнан бөлек М.Шәменов ауылындағы Жам-



был Ердозелов көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 69 млн теңге қаралған. Сондай-ақ Қаракеткен мен Далдабай ауылындағы 16 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары сәуір айында басталды.

Ғабит Ерболұлы ауданға қарасты басқа да ауылдарда биыл жол сапасына айтарлықтай мән берілетінін жеткізді. Депутаттар мұндай жобаларды қолға аларда алдымен ішкі көшелер мәселесін шешіп алған жөн деп есептейді. Өйткені құрылысқа қажетті материалдарды тасымалдау кіреберіс жолдардың сапасына кері әсерін тигізуде.

Кәсіпкерлік қарқын алған

Сессияда мұнан бөлек ауыл әкімдерінің атқарылған жұмыстар бойынша есебі тыңдалды. Алдымен сөз алған Жаңаталап ауылдық округінің әкімі Қуаныш Әбдіхалыков былтыр елді мекенде біршама жобаның жүзеге асқанын жеткізді. Ауылдық округте 783 адам бар, оның 431-і экономикалық белсенді.

Өткен жылы шалғай ауылдағы ағайын ауыл шаруашылығы саласын толайым табыспен қорытындылаған. Тарқатып айтсақ, 109 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 611 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Мұнан бөлек 440 гектар күріш егіліп, одан 60,2 центнерден орташа өнім жиды. Яғни 264 880 центнер астықты қамбаға құйған.

Жаңаталапта «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 12 млн 783 мың теңге қаралып, тиісті жұмыстар атқарылған. Ауыл орталығынан 7 млн 280 мың теңгеге балалар ойын алаңы салынған. Сондай 3 ішкі

көшенің жарықшамдары жаңаланды.

Ауылдық округте 9 шаруашылық, 42 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасайды. Оның ішінде «Қызылорда-Жалағаш» бағытына 1 жолаушы тасымалы, 1 жеке балабақша, 2 сауда дүкені бар. Былтыр 1 азамат 1 млн 476 мың теңге мал шаруашылығын дамытуға грант алып, бүгінде жо-басының жемісін көріп отыр. Ал «Ауыл аманаты» жобасы аясында 4 ауыл тұрғынының несие алуға құжаттары платформаға өңгізіліп, 2-еуі биыл 3 млн 750 мың теңгеге қол жеткізді. Биылдың өзінде 10 адам көсіп ашу мақсатында несие алуға жобаларын жасақтауда. Бір сөзбен айтқанда, жаңаталаптықтар іс бастауда мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отыр.

Ауылдағы №119 орта мектепте оқу жылында 149 оқушы білім алған. алтын ұядағы 60-қа жуық ұстаздың 12-сі педагог зерттеуші, 12-сі педагог сарапшы, 4-еуі педагог модератор болса, 2 мұғалімде санаттылық жоқ. Мұғалімдердің 96 пайызы жоғары білімді мамандар. Ауылда балабақшадан да тапшылық жоқ. Төрт жыл бұрын 40 орындық жеке балабақша пайдалануға беріліп, қазіргі таңда жұмыс жасап тұр. Былтыр «Мектепке жол» акциясы аясында Жаңаталапта мекемелер мен шаруашылықтар бірігіп, 14 балаға оқу құралдары мен мектеп формасын табыстаған.

Жалпы ауылда жүйелі жұмыс бар, мұны халық қалаулылары да жоққа шығармады. Тек ауыл әкіміне осы қарқынды бөсендетпеу қажеттігін қаперге салды.

Сессияда мұнан бөлек тағы 2 ауыл әкімінің жылдық есебі тыңдалды. Шалғайдағы Жаңадарияда атқарылған жұмыстарды ауыл әкімі Рауан

Ақпанбетов саралады. Бақша өнімдерін баптауда өзіндік орны бар елді мекен жұрты биыл да егістік жерін дайындап, егін егуді ерте бастап көтті. Жылда бағбандардың басты мәселесіне айналған аяқсу тапшылығы да шешімін табатын сияқты. Өйткені су келетін каналдарды қазу жұмыстары да қарқынды жүрген.

Иә, Жаңадария жұрты еңбексүйгіш, ауыл жұрты егінмен қатар мал шаруашылығын да ширатып отыр. Кәсіп бастауда жергілікті жұрт мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалануда.

Кент іргесіндегі Ақсу ауылында да өткен жылы қыруар шаруа атқарылды. Соңғы уақыттағы жағымды жаңалық ауылға газ кірді. Бүгінде ауылдағы ағайын көгілдір отын тұтынады. Депутаттар Ақсуда соңғы жылдары айтарлықтай жобалардың жүзеге асып жатқанын жақсы біледі. Бірақ кент іргесіндегі ауылда әлі де шаруаны ширату қажеттігін қаперге салды. Мәселен, елді мекенде кәсіпкерлік саласын дамытып, ірі жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Сондықтан халық қалаулыларының бұл ойын қос қолдап қолдаймыз.

Сессияда мұнан бөлек Жалағаш аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекітіліп, Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты Д.Құдабаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынысы да бірауыздан қолдау тапты. Сондай-ақ «2025-2027 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №28-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе де депутаттар қолдауына ие болды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Құрмет



Аналар алқа тақты

Қуантарлығы, еліміздің демографиялық көрсеткіші жыл сайын жақсарып келеді. Соның арқасында Қазақстан халқының саны 20 миллионнан асты. Ерекше айта кететін жайт, көпбалалы отбасылар демографиялық ахуалымызды көтеруге үлкен үлес қосып отыр. Өз кезегінде Ел үкіметі аналарды түрлі қолдау жұмыстарын үздіксіз жүргізуде.

Өткен аптада ауданда Қазақстан Республикасы Президентінің №862 Жарлығына сәйкес бірқатар көпбалалы анаға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» мемлекеттік наградалары табысталды. Жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов марапат иелерін құттықтап, ана рөлінің қоғамдағы маңызын атап өтті.

— Ана — үйдің бөрекесін арттырып, шаңыраққа жылу сыйлайтын ең қымбат жан. Сіздер тек отбасының ғана емес, бүкіл ұлттың ұйытқысысыздар. Мемлекет ана мен баланы қорғау, көп балалы отбасыларды қолдау, әйелдерді жұмыспен қамту және кәсіпкер әйелдерді ынталандыру сияқты әлеуметтік бағыттарға ерекше көңіл бөледі, — деді аудан әкімінің орынбасары.

Марапатталған аналар қатарында Мәдениет ауылының тұрғыны Замира Құлбаева мен Айгүл Ернәзарова «Алтын алқа» иегері атанса, Жалағаш кентінің тұрғыны Гүлназ Астанақұлова, Айнур Әбдіхалықова, Мархабат Әбішева және Зулфия Ақсақалова «Күміс алқамен» марапатталды.

Салтанатты жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Садық Әлиев, аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, сондай-ақ Жалағаш ауданының құрметті азаматы, алтынқұрсақты ана Ұлданай Тоқпенбетова жүрекжарды лебізін білдіріп, аналарды марапаттарымен құттықтады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

790 млн текше метр су егістікке берілген

Былтыр аудан шаруалары күріштен бөлек бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын екті. Тарқатып айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13, 770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9 центнерден, 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41, 40 гектар арпаның әр гектарынан 8,2 центнерден өнім жиды. Мұнан бөлек 64 центнер сұлы, 33 276 центнер картоп, 195 центнер көкөніс, 299 650 центнер бақша дақылдары жиналды.

Биыл ауданда картоп көлемінде өсім бар. Мәселен, былтыр 188 гектар алқапқа картоп егілсе, биылғы меже 250 гектарды құрап отыр. Ал 1 115 гектарға көкөніс егіледі. Сондай-ақ 1 300 гектарға басқа да бақша дақылдары егіледі.

Аудан бойынша жоспарланған 4850 гектар жаңа жоңышқа, 800 гектар бидай, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 50 гектар арпа, 5 гектар сұлы дақылдары толық егіліп, 8150 гектар ескі жоңышқа толық күтімге алынған. Сонымен қатар ауданда тұрғындар тарапынан картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға 500 гектар жаңадан жер дайындалады. Мұнан бөлек Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Құрманбай Ата» ШҚ 10 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп, басқа да бақша дақылдарын, Таң ауылдық округіндегі «Бірлік» ШҚ 10 гектар жерге бақша дақылдарын орналастыруды жоспарлап отыр. Көктемгі егін орналастыру жұмыстары толығымен бақылауға алынып, қадағалануда.

Аудан шаруашылықтары науқанға қыс бойы дайындалған, яғни техникаларын жарақтап, алды жаңартып үлгерген. Мәселен, жергілікті шаруашылықтар тарапынан биыл 72 млн теңгеге 7 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Көктемгі егісті орналастыру жұмыстарына аудан бойынша 1 133 ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылды. Оның ішінде 678 трактор, 125 соқа, 55 тұқымсеппіш, 100 автомашина, 175 трактор тіркемесі бар. Сондықтан көктемгі науқанда бұл жағынан айтарлықтай мәселе болған жоқ.

Сондай-ақ «Кең Дала — 2» бағдарламасы аясында 4 шаруашылық 835 млн теңге несие алып, жұмыс жасауда. Қажетті 4 950 тонна күріш тұқымы толық



дайындалып, тазартылуда. 10 400 тонна минералдық тыңайтқыш пен 22 300 литр гербицид те өзірлену үстінде. Қазіргі таңда 9 730 тонна минералдық тыңайтқыш пен 7760 литр гербицид алынды.

Ауданда шаруашылық құрылымдары тарапынан «Госагро» сайты арқылы көктемгі егін орналастыру жұмыстарына 64 шаруашылықтан 1802,1 тонна дизель жанармайына өтінім беріліп, қазіргі таңда 476,3 тоннасы алынды. Дизель жанар-майының 1 литрі 254 теңгеден жеткізіліп берілуде. Былтыр су жеткізіп беру қызметіне

«Жалағашсуар» өндірістік ұшаскесімен 187 шаруашылық 713,9 млн теңге қаржыға келісім-шартқа отырды. Қазіргі таңда су беру қызметіне 680,2 млн теңге төленген. Шаруашылықтардың пайдаланған су жеткізіп беру қызметіне берешек қарызы 33,7 млн теңгені құрайды.

Егін орналастыру жұмыстарына дейін шаруашылық каналдарынан 21,5 мың текше метр, ішкі шаруашылық каналдардан 225,6 мың текше метр топырақ толық тазартылған. Шаруашылық каналдардан 5 гидротехникалық құрылыс, ішкі шаруашылық каналдардан 172 гидротехникалық құрылыс жөн-

делді. Егінді сумен қамтамасыз етуге қажетті 32 насос қондырғы мен 23 гидробекет жөндеуден өтті. 8 512 гектар жерді ылғалдандырып суару, 15 450 гектар шабындық жерді суару жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда ауданда 15 мың гектар жерге сүлдігер айдау жұмыстары жүргізілді. 12 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген жерге лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Әрине, бұл атқарылған жұмыстар аяқсуды үнемдеуде оң нәтиже береді.

Жандос ЖАЗКЕН

Басы 1-бетте

